DOSMUKHAMEDOV UNIVERSITY
SCIENTIA POTENTIA EST

У 2017
526 к

ДИРИЖЕРЛАУҒА АРНАЛҒАН ХРЕСТОМАТИЯ

клавир

Атырау 2016 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МУЗЫКА ЖӘНЕ ӨНЕР КАФЕДРАСЫ

Дирижерлауға арналған хрестоматия

КЛАВИР

АТЫРАУ – 2016

78.089.7
ӘОЖ 785.1 (075.8)
ББК 85.315 я 73
К 35

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІ БАСПАҒА ҰСЫНҒАН

Пікір жазғандар:

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің доценті, ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері **М.З.ГАЙСИНА**

Н.Жантөрин атындағы Атырау облыстық филармонияның директоры, ҚР еңбек сіңірген қайраткері **Ғ.З.ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ**

Қ.М.Кипиев
К 35 Дирижерлауға арналған хрестоматия (клавир) Қ.М.Кипиев – Атырау: Х.Досмұхамедов атын. АМУ, 2016. – 135 б.

ISMN 979-0-803 855-18-1

Халық аспаптары оркестрімен дирижерлау пәніне арналған бұл хрестоматияға Халық композиторы Құрманғазының және Қазақстанның көрнекті композиторлары С.Мұхамеджанов, М.Қойшыбаев, Н.Тілендиевтің, сондай – ақ т.б. композиторлардың халық аспаптары оркестріне арнап жазылған шығармаларының партитурасынан ҚР Мәдениет қайраткері, дирижер Қ.Кипиевтің фортепианоға лайықтап, өңдеп түсірген клавирі енгізілген. Шығармалар туралы қысқаша аннотация берілген. Хрестоматия республиканың музыкалық жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен дирижерларға арналған.

ӘОЖ 785.1 (075.8)
ББК 85.315 я 73

ISMN 979-0-803 855-18-1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 350256

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл "Хрестоматия" халық аспаптары оркестрлерінің жетекші – дирижерларын даярлайтын арнаулы орта білім беретін музыка колледжі мен музыкалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған.

Жоғары және арнаулы орта музыкалық оқу орындарындағы оқу процессінің негізгі міндеттерінің бірі – студенттердің музыкалық қабілеттілігін арттыру және алған білімін келешек қызметінде жүйелі пайдаланудың әдістемелері мен тәжірибелік дағдысына үйрету.

Халық аспаптары оркестрлері мен ансамбльдерінің жетекші – дирижеры болып шығу студенттердің музыкалық естуінің, есте сақтау қабілетінің, ырғақты сезінуінің және эмоционалдық сезімталдығының жақсы болуынан басқа бірқатар сапалық қасиеттерінің де болуын қажет етеді. Олар – эстетикалық талғамдылық, музыкалық шығарманы хормен және оркестрмен орындаудың ерекшеліктерін жете білу және оған маман ретінде баға беру, қатесін түзету, қажет болған жағдайда музыкалық шығарманы оркестрге немесе ансамбльге түсіре білу.

Оркестр алдына шығып, дирижер маманы болу үшін студент ұстаздан арнайы дирижерлау пәні бойынша дәріс алып, оқиды. Дирижерлау сабағы үстінде шәкірттер халықтық, классикалық және қазіргі дәуір композиторларының шығармаларының үлгісінде тәрбие алып, олардың стилі мен мәнерін зерделеп ұғынады. Дирижерлау пәні оқушының орындаушылық дағдысын қалыптастырып, мануальдық техникасын жетілдіреді. Музыканың мазмұнын терең түсінуіне, мәнерлі орындаушылық шеберлікке баулиды.

Осы жинақта топтастырылған, партитурадан фортепианоға лайықталып, өңделіп түсірілген шығармаларды пианист – концертмейстердің көмегімен дирижерлау класында оқып үйрену жүзеге асырылады және шығарманың ең маңызды жерлеріне, өзіндік ерекшеліктеріне түсініктеме, сондай - ақ қажетті қысқаша мазмұны (аннотация) қоса берілді.

Жарыққа шыққалы отырған жинақта халық композиторы Құрманғазының және Қазақстан композиторлары С.Мұхамеджановтың, Н.Тілендиевтің, М.Қойшыбаевтың, К.Күмісбековтың, М.Тналиннің халық аспаптары оркестріне арнап күрделі пішінде жазылған поэма, увертюра, күй - поэма сияқты шығармалардың партитураларынан фортепианоға лайықтап, өңделген клавирі енген. Композиторлардың шығармалары өзінің өзгеше пішінімен және мазмұнымен ерекшеленеді. Дирижерлауға арналған шығармалар әртүрлі өлшемде, түрлі дыбыс жүргізу штрихтарымен – Leqato, non leqato, staccato, түрлі екпін, динамикамен және полифония элементтерімен берілген.

Осындай өлшемде оркестр аспаптарының және әуендерінің затактіден немесе кез – келген үлесінен түсетін кездерін көрсету, дыбыстарды үзіп, тоқтату, сондай – ақ, ферматаларды, паузаларды, акцент, синкопаларды көрсету дағдылары, тәсілдері игеріледі. Партитурамен жұмыс жасап, дирижерлық еткен кезде оркестрдегі дербес партиялардың көп болуына байланысты екі қолдың атқаратын міндетін айқындап беруге көңіл бөлу қажет.

Оркестрмен дайындық жұмысына кіріспей тұрып, дирижер бастапқыда пианистпен жұмыс жасап үйренгені дұрыс. Симфониялық шығармалардың фортепианоға өңделген түрімен дирижерлау кезінде дирижер назарын әртүрлі орындаушыға аударып, келешекте оркестрмен жұмысты қалай жасауға тура келеді, дәл сондай етіп бар ынтасын салып жасауға тырысу қажет. Шығарманың көркемдік жағымен жұмыс жасау дирижерлық техниканы меңгеруден басталады, бірақта оны тек қана сол мақсат үшін ғана қарауға болмайды, өйткені ол шығарманың көркемдік – идеалық мазмұнына бағынышты. Музыкалық ойдың ішкі мағынасын, оның әсерлі мазмұнын бейнелеп жеткізуге және орындаушыларға дирижерлық қимыл мен мимика арқылы ықпал жасау керек.

Класта өтетін арнайы сабақ оқушылардың білім мен қабілетін жан – жақты дамытып, тікелей оркестрде қалыптасатын дайындық жұмысының дағдыларын меңгеруін тездетіп, жеңілдетеді. Кластағы сабақ әзірлік жасаудың түрлі әдістерін меңгеруге қолайлы. Оқытушы осы кезде оқушыға оркестрмен жұмыс жасаудың барлық қыр – сырын үйретеді.

Клавирмен класта дирижерлау кезінде, студент көз алдына оркестр аспаптарының дыбыстарын естуімен қатар топтардың орналасқан орындарын елестетіп, оларға қолмен ойша көрсетіп, басқа да қажетті қимылдармен жұмыс жасауға әрекеттенуге тиісті. Сондықтан, әр уақытта студенттің оркестрлік ой - өрісін өрістетіп, оркестрге жетекшілік етудегі қосатын үлесін сезіндіріп отырған артық болмайды. Сонымен қатар, шығармадағы әуендердің өтетін жолдарын, гармониялық сүйемелдеудегі ерекшелігін, контрапункт және басқа да элементтерін, тембрлік, регистрлік айырмашылықтарын ажырата білуге тәрбиелеу керек. Клавирмен дирижерлау кезінде, осы жоғарыдағы шарттар орындалып, үлкен бір дайындық пен іскерліктің арқасында оркестр аспаптары мен топтарына көрсету қабілеті ары қарай шыңдала түседі. Әрине, бұл класта жасалған іс - әрекеттері келешекте бүкіл оркестрге жазылған партитура бойынша дирижерлық жасау жұмысында тәжірибе жинақтауға қосар үлесі мол.

Жұмыс барысында, кейбір шығармаларды жатқа дирижерлауды талап еткен дұрыс, себебі, клавир немесе партитурамен дирижерлау, дирижерлық аппаратты бақылауға, дирижерлық техникасын анық көрсетуге, мазмұны мен көркемдік орындаушылық тәсілдерін толық ашып меңгеруге кедергі жасайтыны мәлім.

Дирижерлау және халық аспаптары оркестрлерімен жұмыс жасау әдістемесі сабақтарын өткізу барысында оқытушылар оқулық репертуарының тапшылығын көріп жүр. Сол сияқты әуесқой оркестрлер мен ансамбльдердің жетекшілері де концерттік репертуарлар жасау барысында қазақ, орыс және шетел композиторлары шығармаларының дайын партитураларын таппай, қолдарынан келгенінше өздері оркестрге өңдеп, түсіріп жасауда.

Сондай – ақ, ұстаздар жұмыс барысында шәкірттермен жеке сабақ өткізуге арналған оқулықтар мен оқу құралдарының, соның ішінде фортепианоға арналған клавирлердің тапшылығын сезінуде. Ал, Қазақстан композиторларының қазақ халық аспаптарына арнайы жазған шығармаларының партитуралары еліміз егемендік алғаннан кейін қазір көптеп

шығарыла бастады, бірақта клавирлері жоқ. Осыған орай олардың шығармаларын партитурадан фортепианоға лайықтап түсіріп, жинақтап шығару қажеттігі кезек күттірмейтін іс болып отыр.

Осы хрестоматияда берілген клавирді саралап талдаған қысқаша мағлұмат пен әдістемелік нұсқау студенттердің шығармамен өз бетімен жұмыс істеуіне көмектеседі, әсіресе сырттай оқитындарға. Сонымен қатар бұл түсініктеменің осы шығармаларды өзінің репертуарына қосқан әуесқой ұжымдар жетекшілеріне де берер пайдасы мол.

Аннотацияның міндеті – дайындықтың алдында, оркестрдің жаңа шығармасымен дирижердың жұмыс жасауы үшін әдістемелік қажетті нұсқаулар беріп, амал, тәсілдерін көрсету.

Арнаулы музыкалық оқу орнына түскенге дейін "Дирижерлау" пәнін өтпеген студенттерге оркестрлік шығармалармен (партитура) қатар фортепианоға арналып жазылған туындыларды да дирижерлау ұсынылады.

Жарыққа шыққалы отырған оркестр шығармаларының клавирі студенттердің дирижерлық практика сабағында, сондай – ақ халық аспаптары оркестрінің жетекшісі ретінде алдағы болашақ жұмысына пайдалануына болады.

Ұсынылып отырған хрестоматия дирижерлау пәнінен класта және кластан тыс жұмыс жасау үшін таптырмас оқу құралы болары сөзсіз.

Хрестоматия республика музыкалық жоғары оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларына және оркестр жетекшілеріне арналған.

Қапы

Құрманғазы

Тезірек ♩ = 80

Piano

[1]

p *pp*

7

[2]

mp *p*

14

[3]

20

p *p*

26

33

p *f* *f*

39

[4]

mf *p*

47

[5]

f *f*

55

mf

61

p *p* *p*

Қапы

67 [6]

pp mf

mf

74 pp

p

80 [7]

mf f

f

87 mf

ff

ff

Көбік шашқан

Grave *cantabile* **Құрманғазы**

Piano

pp cresc... p

8 [1]

16

cresc...

p

23 [2] **Moderato**

subito p f

subito p p f

30

[3]

f

f

38

46

[4]

subito ***p*** cresc.

53

molto *f*

p

60

[5]

f

67

ff

ff

75

[6]

82

90

f

[7]

subito ***p*** cresc...

97

f



Шаттық Отаны

(симфониялық поэма

С.Мұхамеджанов



29

35 [4]

40 [5]

46 [6]

52 [7]

58

64 [8]

69

74 [9]

80

86

92 [10]

97 [11]

102

108

114 [12]

120 Медленно

ff

127 [13] Быстро

135

141 [14]

147 [15]

153

159 [16]

163

166

169

172

[16A]

175

178

181 [17]

184

187

190

193

196

[18]

199

202

206

210

[19]

213

216

220

223

[20]

226

229

233

238

[21]

243 [22]

248

254

260

266

272

[23]

278

283

289

295

300

306

312

ff

ff

Алтын дән

(поэма)

Н. Тілендиев

♩= 63 Andante

[А]

Piano

ff

ff

p

mf

p

pp

8

[Б]

Allegro 92

p

f

p

f

p

p

16

20

25

[1]

[2]

29

33

38

[3]

42

46

50

[4]

ff

ff

54

58

62

[5]

pp

pp

66

70

[6]

mf

mf

75

80

[7]

85

[8]

91

98

[9]

104

[10]

109

p

p

113

[11]

118

p

p

123

[12]

p

mf

p

mf

129

[13]

f *mf* *f*

135

f *ff*

140

ff

[14]

fff *fff*

145

f *f*

150

rit

2 2 2 2 2

p

156

[15] Andante 63-66

2

p

162

3 3 3 3 3

169

[16]

3 3 3

177

[17]

3 3 3 3 3 3 3 3

f *f*

185

[18]

3 3

subito p *subito p*

193

[19]

accel.

199

204

[20]

rit. *a tempo*

210

217

rit. [21]

p

224

[22]

231

[23]

240

[24]

Allegro

p

246

250

инв: 350256

350256

255 [25]

259 [26]

f

f

263

269 [27]

273

277 [28]

281

p

p

286 [29]

mf

mf

293 [30]

300 [31]

p

p

305

[32]

f *fff*

f *fff*

339

[35]

3 3

3 3

310

346

[36]

316

rit.

[33]

Финал

Allegro

ff

ff

355

[37]

322

[34]

364

331

373

Бостандық таңы

(күй-поэма)

Н.Тілендиев

Allegro

Piano

[1]

ff

ff

4

7

[2]

10

[3]

14

16

18

[4]

21

25

[5]

28

30

32

[6]

36

[7]

40

[8]

43

46

[9]

49

52

[10]

55

60

[11]

Piano

[12] Финал

64

subito *p*

subito *p*

68

71

Мұрагер

(күй-поэма)

Н. Тлендиев

Tempo di marcia

f

f

8

[1]

p

p

15

[2]

23

[3]

p *f*

p *f*

p

31

1985

39

[4]

p

p

46

53

[5]

61

[6]

f

f

69

[7]

76

ff

ff

81

86

[8]

tr

tr

91

[9]

96

100

[10]

105

110

116

[11]

123

[12]

131

139 [13]

[14] Финал

147

[15]

154

Жеңіс салтанаты

(Поэма)

Н.Тілендиев

Allegro

Piano

ff

ff

accel.

[1]

fp

[2]

[3]

f

p

f

[4]

[5]

[6]

f

[7]

[8]

[9]

[10]

[11]

[12] Финал

[13]

[14]

pp ff

pp ff

Көңілді бикеш

(УВЕРТЮРА)

Н.Тлендиев

Allegro

Piano

p ff

p ff

[1]

7

[2]

13

[3]

19

mf

mf

25

[4]

32

ff

ff

39

[5]

45

[6]

51

pp

pp

58

meno mosso

[7]

65

f

f

72

p

p

[8]

78

p

p

84

[9]

f

f

92

99 [10]

106 [11]

112

118 [12]

125

Махамбет

(күй - импровизация)

Allegro

Н.Тілендиев

Piano

p

p

pp

6

12

18

[1]

22

26

[2]

mf

mf

30

34

38

43 [3]

f

f

48

f

54 [4]

ff

ff

60

66

71 [5]

76

83 [5А]

90 [5Б]

97

104 [5В]

110

117 [5Г]

124 [6]

131 [7]

139 [8]

147

156 [9]

[10] Финал

165

171 [11]

178

[12]

185

[13]

194

200

[14]

206

211

Қайрат

(увертюра)

Allegro

Н.Тілендиев

Piano

[1]

7

[2]

14

21

[3]

28

[4]

35

[5]

42

49

[6]

56

[7]

64

[8]

72

[9]

80

[10]

88

[11]

96

[12]

104

112

[13]

[14]

120

128 [15]

pp

135 [16]

pp

mf

142 [17]

f

ff

f

150 [18]

ff

pp

pp

158 [19]

mf cresc.

f

165

ff

ff

Финал

173 [20]

ff

ff

[21]

179

ppp cresc.

ppp cresc.

186

ff

ff

193

ff

Советтік Қазақстан

(симфониялық поэма)

М.Қойшыбаев

Maestoso energio

Piano

53

mf

59

[7]

f

mp

f

65

71

[8]

f

f

76

mf

82

[9]

p

88

[10]

Solo кіші бар-н

94

[11]

mf

p

100

106

[12]

112

118

[13]

f

p

124

129 [14]

135

141 [15]

147 [16]

153 [17]

159 [18]

165 poco rit...

[19] **Andante cantabile**

170

174 [20]

178

182 [21]

186

190 [22]

194 [23]

poco a poco cresc...

198

rit...

202 [24]

205 [25]

Allegro con fuoco

209

215 [26]

221 [27]

227 [28]

233 [29]

crescendo

239

245

[30]

250

f

256

[31]

f

mp

f

f

262

f

268

[32]

f

f

274

280

[33]

286

[34]

f

f

292

298

[35]

304

310

[36] Piu mosso

sf

sf

317

323

[37]

329

[38]

334

[39] Vivace

f

[40]

341

ff

sf *sf*

sf *sf*

349

sff

p

sff

p

359

cresc...

3

fff

3

fff

Еңбек салтанаты
(поэма)

К.Кумісбеков

Maestoso ♩= 80

Piano

rit.

Allegro moderato

[1]

[2]

39 [3]

mf *mf*

43

47 [4]

p

p

52

mp *mf*

58

mf

63 [5]

mf

69

73 [6]

mf

mf

77

81 [7]

mf *sf*

mf

85

sf

ff

89

93

mp

97

[8]

f

101

106

[9]

mf

110

Piu mosso

mp

114

poco a poco cresc.

118

122 [10] **Allegro moderato**

sf

mp

mf

tr

128

mf

mf

134

[11]

mf

f

139

143

p

148

[12]

3 3

f

f

152

155

158

Ой толқыны

(Күй - поэма)

К.Күмісбеков

Sostenuto

Piano

p

6

mp

12

16 [1]

mf

21

mp

26

30 [2]

35

40 [3]

mf

Ой толқыны

45

f

49

subito ***p***

53

[4]

mf

58

63

[5] Con moto

mp ***mp***

67

Ой толқыны

71

[6]

75

mf

subito ***p***

79

[7]

f

84

89

[8]

ff ***ff***

93

97

102

106 [9] Piu animato

109

114

120 [10]

mp

124 a tempo

p

129 [11]

mf

134

mp

138

142

mf

147

f

ff

f

Тың сазы

Күй

М.Тналин

Moderato

Piano

5 [A]

10 *p* *p*

15 [1] *f* *mf*

20 [2] *f*

25 *p*

30

34 [3] *f* *f*

39

43

48

52 [4]

57

62 [5]

67

71 rit ...

rit...

Попурри

(60-жылғы әуендерден құрастырылған)

Қ.Кипиев

Живо, задорно

Piano

4

7 [1]

10

13 [1à]

16

19

22 1

25 [2]

28 3

31 [2à]

34

37

[2Á]

mf

mf

40

43

46

[2Â]

49

52

55

[2Ã]

58

61

[3] Allegretto

64

67

70

[À]

73

76

79

[Á]

82

3

3

85

[4]Óìåðåííî

88

91

94

[À]

97

100

103

[5] Òâèñò

106

109

112

[À]

115

3

118

3

[Á]

121

124

[Â]

127

130

[6] Çàäîðîí

133

136

139

[A]

142

145

148

151

154 [Á]

157

160

[Â]

163

166

169 [Ã]

172

175

178 [Ä]

181 [Å]



Дирижерлау жөнінде авторлар мен әдістемелік нұсқаулар туралы қысқаша мазмұны

(Аннотация)

ҚАПЫ

Құрманғазы Сағырбайұлы (1818-1889)-күйші, сазгер, асқан дүлділ домбырашы, қазақтың аспаптық музыкасының (күйдің) классигі. Оның күйшілік өнердегі алғашқы ұстазы-Ұзақ. Кейін Бөкей Ордасының атақты күйшілері Байжұма, Баламайсаң, Байбақты, Соқыр Есжан, Шеркештің күйлерін үйреніп, шеберлігін шыңдай түседі. Бертін келе домбырашылықты кәсіби өнер тұтты. Оның шәкірттері-Дина, Мәмен, Меңтай, Көкбала, Тоғайбай, Шора т.б. Ол орындаушылық пен күй шығару өнерін шебер теңдестірді. Күйшілік өнердегі жаңашылдығымен халықтың аспаптық музыкасында соны бағыт тудырып, орындаушылық дәстүрін қалыптастырды. Қазақстан сазгерлері оның туындыларын өздерінің операларында, симфонияларында, хор т.б. шығармаларында пайдаланды.

Құрманғазының шығармаларын халық арасына насихаттап, біздің заманға жеткізген домбырашылар: Н. және М.Бөкейхановтар, О.Қабиғожин, Қ.Жантілеуов, Л.Мұхитов, Ғ.Матов, С.Көшекбаев, М.Өскенбаев т.б.

Бұл күй бұрын-соңды қазақ халық аспаптары оркестріне өңдеп түсірілмеген. Алғаш рет Атырау облыстық филармониясының «Нарын» фольклорлы халық аспаптар оркестріне Қ.Кипиевтің өңдеп түсіруінде және оның дирижерлық етуімен 1999 жылы орындалды.

Күйдің шығу тарихына келсек: Құрманғазы ел аралап, домбыра тартып жүргенде бір үлкен тойға кездеседі. Тойдың ат шабыс, палуан күрес, алтын қабақ ату жарыстарындағы бәйгілерді Құрманғазы жеңіп алады. Осы жолы бірде-бір жүлдеге қолы жетпей құр қалып, жеңіліс тапқан сол елдің биі Құрманғазымен өштесіп, қалайда оны мұқатып, кек алуды мақсат етеді. Сөйтіп күйшінің соңына түсіп, оны аңдумен болады. Ақыры ізді баққан дұшпан қапысын тауып, бір жиында домбыра тартып, Исатай-Махамбеттің толғауын айтып отырған Құрманғазының үстінен шығады. Сен «Исатай-Махамбеттің толғауын айттың» деп кінә тағып, өзінің шабармандарына Құрманғазыны ұстатады.

Міне, осы жағдайға байланысты ұлы композитор Құрманғазы қапылыста ұсталғанын ескерусіз қалдырмай «Қапы» деп күй тартыпты. «Қапы» күйі сол бір жылдардағы сұрапыл күндерді, Құрманғазының қапыда қалған, ішкі жан дүниесінің сезімін, өкінішін музыка тілімен нанымды суреттеп береді.

Квадраттық құрылысын сақтау мақсатында, оркестрдің ыңғайына қарай, жеңілдетіліп, оркестратор (оркестрге өңдеп, түсіруші) кіріспенің соңғы бір тактісін алып тастады.

Күй-**g-moll** тональдығында, рондо (тақырыптың бірнеше рет өзгеріп қайталануы) көлемінде жазылған. Шығарма орташа, жеңіл екпінде жүретін кіріспеден басталады. Күйдің характері лирикалық мазмұнда болып келеді.

Күй қайталанған екі тактлық микро-рефренмен басталады. Ондай микро-рефрен орыс және еуропалық музыкада кездеседі. Мысалы, А.Бородиннің «Князь Игорь» операсындағы «Ярославнаның жылауында», Д.Кабалевскийдің «Кола Брюньон» операсындағы «Виноград терушілер хорында» кездеседі.

Бұдан былай микро-рефрен үнемі эпизодтың алды-артында келіп отырады.

Төрт тактлы кіріспеден кейін күйдің бірінші бөлімі немесе бірінші эпизод 1-ші санда дорий ладында басталады. Ол бұл арада 8 такты болып келеді. Мен оны латынша «А» әрпімен белгіледім. 1- санда негізгі әуенді рр- да ойнайтын домбырашыларды 4 такт бойына төменгі регистрде II-сырнай мен бас қобыз қолдап отырады. 5-ші тактіден бастап, кейін бұл тақырыпты қобызшылар тобы дамытады. Рефрендегі ырғаққа лайықты тақырып-әуен бар.

Енді күйдің 2-ші, 3-ші санда екінші эпизод басталады. Оның мелодиялық кейпі, ырғақтық құрылысы бірінші бөлімге ұқсастау, жақын. Мен оны енді «В» әрпімен алдым. Бұл эпизод 38 тактдан тұрады. Мұнда нота бөлшектері ұсақталып, музыканың екпіні үдеп, күшейіп, жігер қосылып, кейпі өзгереді. Әрине, регистрлік жағынан да музыка жоғары көтеріледі. Тағыда екі такт микро-рефрен **C-dur** тональдығында қайталанып, одан кейін 4-ші, 5-ші саннан бастап үшінші эпизод басталады. Оны, енді «С» әрпімен белгілейміз. Мұнда мелодия қысқалау болып, бірақ күш жағынан өрлей түседі және регистрік жағынан тағы жоғары көтеріліп, 5-ші санда күйдің шарықтау шегіне жетеді. Бұл жерде басқаларынан көрі кең және диапазондық, ырғақтық жақтарынан жаңа леп береді. Жоғары, төмен жүретін секвенциялар, бұрын кездеспеген лигалар бұл бөлімнің тіл өткірлігіне ерекшелік береді. Күйдің соңғы бөлімінде екінші эпизод қайталанады, оны «Ві» деп алуға болады, аяғындағы соңғы екі такті күшейтілген динамикамен (крещендо) бітеді.

Бұрын-соңды қазақ күйлерінде кездеспеген ерекшелік ол" Қапы" күйіндегі концентрикалық форма элементтерінің кездесуі. Ол форманың бір белгісі күйдің үзбестен дамып отыруы. Ондай жағдай С.Рахманиновтың «прелюдияларында» кездеседі. «А», «В», «С» эпизодтарын бір-бірімен салыстырғанда даму, өрбу жолының бірыңғай бағытта екені көрінеді. Бір жағынан «Қапы» күйін «Үшеселік рондо» деп тануға да болады.

Құрманғазының «Қапы» күйі негізінен шағын фольклорлы-этнографиялық оркестрге түсірілді. Оркестратор оркестрдің құрамына 1 саз сырнай, 1 най, 2 сырнай, домбырашылар мен қобызшылар тобын және ұрмалы аспаптарды енгізді. Ұрмалы аспаптар тобының құрамы дауылпаз бен кіші барабаннан басқа шаң қобыз, тұяқ тас, аса таяқ, жетіген, үш бұрыш арқылы кеңейіп отыр. Оркестрге қобыздың үш түрі енгізілген, ал, прима қобыз екі партияға бөлінген. 4-ші санда сырнайлар тобы әуенді үш дауыста ортаңғы және төменгі регистрде жүргізеді.

I-саннан негізгі бөлімдегі тақырып-әуенді асықпай, әсермен, негізгі әуенді рр (пианиссимо да) ақырын ойнайтын домбырашыларды 4 такт бойына төменгі регистрде II-сырнай мен бас қобыз бір үндестікте (унисон) қосылып бастайды. Кейін бұл тақырыпқа 5-ші тактіден бастап, домбыра да сәл өзгерген ырғақпен қобызшылар тобы қосылады.

Шығарманың екінші бөлімі 2-ші саннан басталады, енді бұрынғы аспаптарға тақырыпты ортаңғы регистрде саз сырнай мен най кезекпен қосылып ойнап, жалғастырады. 3-ші санның он бірінші тактісінде өлшем үшке өзгеріп, репризаның ішіндегі әуенді оркестратор (өңдеуші) үш дауысқа салып гармонизациялаған. Репризаны екінші рет сырнайлар тобы қосылып қайталағанда тыңдаушыға жаңаша бір әсер береді.

Тақырып 3-ші бөлімнің, яғни 4-санның алдында төрт такті қалғанда до мажор тональдігіне ауысады. Бұл 2-ші бөлімнің соңымен байданыстырып тұрған 3-ші бөлімнің кіріспесі іспетті. 5 санда-шығарманың шарықтау шегі (кульминация), бұнда оркестр қатты дыбыс күшімен тутти ойнайды. Бұл эпизод әр түрлі штрихтар мен ритмикалық бояуларға толы. Күйдің соңғы екі тактісін дауысты бірте-бірте күшейтумен форте дыбысында бітіреміз.

Партитурамен жұмыс жасау барысында дирижердың санасында динамикалық тұтастықтың қалыптасуынан шығарманың көркемдік бейнесінің әсерлігі арта түседі. Бұл нәтижеге жету үшін, кейде дирижерлік қол қимылдары (жест) арқылы музыкалық фраза арасындағы рельевті айырмашылықты көрсету керек болса, автордың белгілеген динамикалық шарттарын сақтау қажет.

Екі төрттік өлшемде жүретін шығарманы дирижерлаудың жетекшіге қиындық туғызатын жері жоқ. Шығарманы бастағанда дирижердің қолы төменгі позицияда, кіші көлемді қимылмен, толық ауфтактіні қысқа алуы керек. Тек, өлшемнің үште-төртке ауысатын жерінде ғана дирижер абай болғаны жөн. Әр буын, сөйлем сайын қосылып отыратын әр түрлі аспаптар, шығарманың көркемдік сапасына өз үлестерін қосып жатады. 3-ші сандағы он бірінші тактіде келетін репризаның ішіндегі үш такті, қол қимылы арқылы динамикалық тұрғыдан дауысты біртіндеп күшейтіп және біртіндеп бәсеңдетіп үлгеруді талап етеді.

5-ші сандағы төменге қарай жүретін секвенцияларды орындағанда оркестр даусын бірті-бірте бәсеңсіту кезінде саз сырнай мен сырнайлардың өз уақытында екінші үлестен трель ойнап түсуіне аса көңіл бөлген дұрыс.

КӨБІК ШАШҚАН

Құрманғазы Маңғыстаулық Қашаған ақынның Каспий теңізінің бір кездері жағадан шығып кетіп, еңбекші елді апатқа ұшыратқанын желіге алып, бұқара халықтың налог, басқа алым – салықтың, айта қалғандай еңбек етудің апатына ұшырағанын суреттеген "Көбік шашқан" атты поэмасын тыңдай жүре сол поэманың бағдарламасын алып күй шығаруға бел байлайды. Құрманғазы поэманы негізге алып, сонда көрсетілген суреттері одан да гөрі музыканың жан – жақты, жанның бәріне түсінікті тілмен байыта жаңа бір нәрсені дүниеге келтіреді. Күйдің аты "Көбік шашқан" болады. Құрманғазының бұл күйінің тілі бай, бағдарламасы кең, мелодиялық даму кезеңдері тамаша болып шығады. "Көбік шашқан" тек күй емес, шын мәнісінде, екі ішекті домбыраның мүмкіншілігінде шығарылған еңбекші елдің трагедиясына арналған "поэма"

болады. Күйде халықтың ауыр халімен бірге ашулы ызасы да бар. Ол айтқанымыз өткен ғасырдың отызыншы жылдарының орта кезінде "Көбік шашқанды" оркестрге, одан кейін хорға түсіріп, оркестр сүйемелімен орындағанда дұрысқа шықты дей аламыз. Құрманғазы орыс тілін оқымаса да, орыс музыкасын зерттейтін қолында білім қаруы болмаса да, қалаларда көп болып, көптеген орыс музыкаларының үлгісін естіп, өзінің интонациялық сөздігін байытады. Бұл күйде қазақ музыкасына тән интонациясымен қатар құрылымы жағынан орыс музыкасына еліктеу де бар. Композитордың "Көбік шашқан" күйі оның шығармаларының шыңының бірі. Өлшеуі өзгеріссіз қаралы марштар сияқты екі ширек болып жүріп отырады. Бұл күйдің тақырыбы өте қысқа, бір тактыдан ғана құрылады. Осы тақырып бұдан былай мезгіл – мезгіл өткенде күйді бірнешеге бөлуші цезура ролінде атқарады (микро – рефрен) сияқты.

Кіріспемен басталған күйде мелодия екінші дауыста болса, бірінші дауыс остинатты қалыпта (бір жерде тұру) болады. Ал мелодия бірінші дауысқа көшкенінде екінші дауыс остинаттық қалыпқа көшеді. Ал тақырып шеңбері кеңігенде екі дауыс қатар қозғалып, жүріп кетеді. Бір тактылық тақырып – үһлеу, зардың ұрығы. Одан кейінгі екінші дауыста көрінген мелодия одан әрі дамып, тек іштей күйіну, зарығу емес, дауыстап жылауға көшеді.

Күйдіің бірінші шарықтау шегі (кульминация) [3] санда, ал екінші кульминация [5] санда. Кульминация көп халықтың хорындай, көптің күші үніндей естіледі.

Күйді басында екіге емес төрт өлшемге сегіздікке бөліп дирижерлағанда қолдың қимылы айқын болады. Дирижер музыканың екпінін мұңды, әндете ауыр орындалуын көрсетуі керек. Кіріспеде әуен бастардан дирижердың шағын амплитудамен төменгі позицияда екі пианода көрсетуінен басталады.

Күйдің динамикалық реңі және тональдық лад жағы да әлсін - әлсін өзгеріп отырады. Агогикалық реңі, яғни екпіні де де әртүрлі болып келеді. Сондықтан дирижерға агогиканы барынша сақтап, оның түріне мән беру керек. Сонда ғана күйдің тақырыбының ашылуына мүмкіндік туады.

"Көбік шашқан" күйінің жеке домбырада шырайы шықпайды. Бұл күй соңғы кезде оркестрмен ұлттық қаралы марш болып ойналып жүр.

ШАТТЫҚ ОТАНЫ
(симфониялық поэма)

Қазақтың мемлекеттік ұлт аспаптар оркестрінің орындауына арналып жазылған алғашқы шығармалардың бірі **С. Мұхамеджановтың** симфониялық күйі – «Шаттық Отаны». Бұл күй Жамбыл Жабаевтың «Шаттық Отаны» деген өлеңіне жауап ретінде 1952 жылы консерваторияның соңғы курсында композитор Е.Брусиловскийдің класында оқып жүргенде жазылған. Композитор Ж.Жабаевтың төрт жол өлеңін өз күйіне эпиграф етіп алған. Бұл қазақтың дәстүрлі күйлерінен түбірімен өзгеше жаңа жанр. М.Төлебаев айтқан

ұлттық музыканың кәсіби үлгіде дамуынан туған симфониялық күй. Осы шығармамен қазақ музыкасында жаңа жанр туды деуге болады.

Поэма үш бөлікті пішіннен тұрады. Поэманың музыкасы шалқыған сезімге толы, бұнда – Отанымыздың ұлылығын, халқымыздың бірлігі мен салтанатын сипаттайды. Сондықтан ол ешқашан құнын жоймайтын туынды. Бұл таза ұлттық музыка. Оның әуенінің тіліне, фактурасына, ладотональдық өрбуіне, динамикалық қырлары мен құрылымына зер салсаңыз, барлық жағынан да ұлттық нышан айқын көрініп тұрады.

Басталуы көңілді, шатты болып келеді. «Шаттық отаны» салтанатты түрде, ұстамды екпінде, қуатты үнді (ff) 16 тактылық Кіріспемен басталады. Бұл салтанатты ұран іспетті. Бірақ еуропалық музыкада кездесетін Кіріспе емес. Қайта ұлтымыздың дәстүрінде бар, халық әндері мен термелерін айтарда жұрттың назарын аудару үшін, көмейін үнге толтырып, дауысын ашу үшін «әу» деп, «ахау» деп шырқай салатын әншінің ән бастауы сияқты. Кіріспе ля – минорлы аккордтармен басталғанымен, ол негізгі тональдық саз емес, партитураның 2 – санында ре – минорда жүретін басты тақырып – күй әуеніне доминанта ролін атқарып тұр. Сондықтан ол салтанатты болғанымен толқулы көңілді, үлкен бір шаттықтың, жарыстың алдындығы толғаныстыбілдіргендей әсер етеді. Содан да II тактыдағы соль – минорлы аккордтың сегіздік нотaлары жеке – жеке, акцентпен нығыздала орындалады. Осы тұста дирижер партитурада жоқ болса да, соңғы сегіздік нотадан кейін кілт үзіліс (люфтапауза) жасап, келесі аккордқа бұдан да күшті дыбыспен көшеді. Екі тактіге созылған аккорд тағы да кілт үзіліп барып, келесі ля – минорлы аккордқа ұласады. Осы жерде партитурада Фермато (созу) белгісі тұр. Оны дирижер Ш.Қажығалиевтың интерпретациясында баяу бастап, А.Тосканинидің әдісі сияқты дыбысты жайлап өсіре отырып, дауылды күшке айналдырады.

Содан кейін «бас» аспаптарының сүйемелдеуімен домбырада 6/8 өлшемінде, жүрдек екпінде күй әуені басталады (2-сан). Шығарманың осы басты тақырыбы (А) халықтың дәстүрлі күйлерінің мәнерінде жазылған. 4 тактыдан кейін күй әуенін бірінші қобыз іліп әкетеді. Күй кіші сағаға (4-сан) өткенде қобыз қалыс қалып, енді домбыра – пикколо мен прима қосылады. Осы жерде ұлттық күй дәстүрінің сақталғанының тағы да куәсі боламыз. Дәстүрлі күйлерде сағада әуен үстіңгі шекте жүретіні сияқты, осы тұста (4-сан, екінші такт) әуен «бастарға» ауысады. Бұл әуенге қобыздын басқа аспаптар қосылып, біраз күшейіп, артынша үзік – үзік әуенге, байланыстырушы буынға бөлініп, ауытқу (модуляция) арқылы си – бемоль мажордағы екінші тақырыпқа (В) көшеді.

Музыканың орталық бөлігі сезімге толы лирикалық күйлерге құрылған. Ол өскен өлкенің бай табиғаты мен берекелі туған жердің бейнесін беруге арналған. Бұл күй емес, шалқыған, кең тыныстыАрқа әндерінің үлгісінде жазылған әуен. Аталмыш әуен прима – қобыздар мен альт қобыздардың ортаңғы регистрінде жүреді.

Басқа аспаптар үн – түнсіз қалғанда, тек домбырада ғана остинатты (толассыз) ырғақ жүріп жатады. Әуен созылмалы болғанымен, екпіні бастапқы күйдің ырғағынан ауытқымайды. Екінші рет қайталағанда әуенді «бастар»

қоштап, бүкіл оркестр (тутти) ойынға араласады. Бұдан бірінші эпизод әуенінің (В) регистр жағынан дамығанын көреміз. Сөйтіп, үш октаваны қамтитын дыбыс күші керемет бір хор айтып тұрғандай, қуатты халық үніндей болып естіледі. Бұл кезде де остинато ырғағы, күй ырғағы толассыз жүріп жатады. Тек 12 – санда екпіндетіп келген музыка 4 такт бойына бірте – бірте жүрісін баяулатып, поэманың басындағы салтанатты Кіріспеге көшеді. Кіріспе соңындағы ферматодан (созу) алғашқы күй әуеніне (А1) жылдам темпте өтеді. Күй сазы байланыстырушы буында ауытқи келіп, соль – минордағы үшінші тақырыпқа (С) өтеді.

Симфониялық күйдің үшінші бөлігінде, бірінші және екінші бөлімдегі әуендер полифониялық күйге түсіріліп, өңделіп, пайдаланылған. Олардың композициялық жағынан дамуы оркестрге түскенде өзгертіліп, бірте-бірте күйдің шарықтау шегіне жеткенге шейін мәнерлі өң тауып кетіп отырған. Осы жерде бұған дейінгі 6/8 өлшемі 4 триольдан тұратын өлшемге ауысады. Оның бір тактысы төрт емес, екі өлшемге (аллебрево) жүреді. Қобыздар орындайтын қазақтың кең даласындай шалқыған қос дауысты әуен (С) бас – домбыраның күй ырғағын ұстап отырған тоникалық органдық пункті фонында (16 – сан) әдемі естіледі. Осы әуен аяқтала бере құйындата келген домбыраның ырғағымен (17 – сан) сырнайларда жалғасын тауып, дами түседі.

Сырнайлардағы нәзік әуен біткенде 16 – сандағы қос дауысты әуен (С) бас және контрабас домбыралардағы күй ырғағының сүйемелімен барлық аспаптарда: қос сырнайда, домбыра және қобыз топтарында (18 – сан) орындалады. Поэманың 19 – санында Кіріспенің өзгертілген түрі қайталанады да, соңын ала қатты екпіндетіп, алғашқы күйдің дамыған, өзгерген түріне (20 – сан) көшеді. Бұл жерде күй әуені (А2) ре – мажорда, дыбыс күші қуатты (ff) дәрежеге жетеді.

Осы жарқын (мажорлы) да тегеурінді дыбыстар Отанымыздың қуатын, халқымыздың шаттығы мен салтанатын айқындай түседі. Сонда 20 – сан партитурада көрсетілгендей Аллегро емес, дирижер Ш.Қажығалиевтың орындауында Престо темпінде, өте жылдам жүреді. Осы екпінімен күй ырғағы екінші әуенге (В1) ауысады. 23 – санда күй әуені алғашқыдан өзгерген түрінде (А3) үшінші рет қайталанып, бүкіл оркестрдің орындауында құйындатқан жылдамдықпен (престиссимо) дыбыс деңгейі сұрапыл күшке (ffff) жетіп, ре – мажорлық жарқын аккордтармен поэма аяқталады.

Шығарманың өне бойына Кіріспе мен басты күй тақырыбы әр түрлі өзгерістермен бірінші және екінші эпизодтар (В,С) арасында үш рет қайталанып, рефрен ролін атқарады. Әрбір эпизодтар әр түрлі байланыстырушы буындармен жалғасып жатады. Соған қарап, поэма еркін рондо үлгісінде жазылған дей аламыз.

Бұл құнды туынды 1953 жылы Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Қаулысы бойынша Республикалық Жамбыл атындағы сыйлыққа ие болып, лайықты бағасын алған болатын.

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВ
(өмірбаянынан қысқаша анықтама)

Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев (01.04.1925 – 15.09.1998 ж.ж.) Н.Тілендиев – Қазақстанның көрнекті композиторы, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1978 ж.), КСРО халық әртісі (1984 ж), Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты (1985 ж.), ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері (1995 ж.), "Халық қаһарманы" Алтын жұлдызының иесі (1998 ж.)

Академик А.Қ.Жұбановтың көмегімен 12 жасар Нұрғиса қазақ халық аспаптары оркестріне (қазіргі Құрманғазы атындағы оркестр) орындаушы – домбырашы ретінде кіреді. Дирижерлік шеберліктің, орындаушылық өнердің бастапқы сабақтарын Тілендиев – алғашқы ұстазы А.Қ.Жұбановтан алған болатын.

18 жасында 1943 жылы өз еркімен майданға аттанады. Соғыстан кейін Н.Тілендиев Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетінде оқи жүріп, Қазақ КСР радиокомитетінің халық аспаптары оркестрін басқарады. 1949 жылы Мәскеу мемлекеттік консерваториясының дирижерлік факультетіне (профессор Н.П.Аносовтың класына) оқуын жалғастыруға аттанады.

Н.Тілендиев 1952 жылдан бастап, 1960 жылға дейін Абай атындағы опера театрының симфониялық оркестрі бас дирижерының орынбасары қызметін атқарады. Ал, 1960 – 1962 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы қазақ халық аспаптары оркестрінің бас дирижеры. 1968 жылдан "Қазақфильм" киностудиясының музыкалық редакциясын басқарды.

1982 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін «Отырар сазы» оркестрінің бас дирижеры және көркемдік жетекшілігінің де тізгінін қатар ұстады.

Нұрғиса Атабайұлының шығармашылығы жанрлық диапазон кеңдігімен ерекше: композитор ән жазумен қатар, хорға арналған туындылар, домбыраға арналған күйлер, эстрадалық оркестрге, халық аспаптары оркестріне лайықталған шығармалар жазды, кино және мультфильмдерге, хроникалық – деректі ленталарға, драмалық спектакльдерге арнап музыка жазды, сондай – ақ, еуропалық дәстүрдегі опера мен балет жанрларын да бағындыра алды.

Н.Тілендиевтің аса танымал болған халық әндеріне айналып кеткен "Сары жайлау", "Ауылдағы жеңеше – ай", "Біздің ағай тамаша", "Жан – жарым", "Жан сәулем", "Құстар әні", "Әжеме" т.б. әндерімен қатар халық аспаптары оркестріне көптеген күрделі де, көлемді шығармалар жазып қалдырды. Олар: «Бостандық таңы», «Жеңіс салтанаты», «Махамбет», «Еңбек қуанышы», «Алтын дән», «Қайрат», «Көңілді бикеш» т.б. Сонымен қатар «Отырар сазы» фольклорлы – этнографиялық оркестрінің орындауына арналған барлық партитуралары қайталанбас реңде оркестрленуімен, әуендік тілінің, тембрлік – дыбыстық қатардың ерекшелігімен әйгілі. Соңғы қасиет – Болат Сарыбаев өмірге қайта әкелген көне халық аспаптарының оркестр құрамына енгізілуімен түсіндіріледі.

Н.Тілендиевтің "Ата толғауы", "Аңсау", "Аққу", "Атадан мұра", "Көш керуен" т.б. оркестрлік шығармалары қазақ музыкасының халықтық, аспаптық

дәстүрлерін дамыта отырып, дәстүрлі күйдің жаңа үлгілері – "халық аспаптарына арналған күйлер" болып табылады.

Композитор тек "төкпе" стилінің ғана емес, сонымен қоса, шертпе стилін дамытты – еуропалық, оркестрлік жазу заңдылықтары қазақы дәстүрлі күйдің көп дауысты негізін бұзбастан, айрықша тембрлік табиғаты мен шеңберлі құрылымы бар көне жанрдың өзіндік ерекшелігі мен құндылығын аша түседі.

«Отырар сазы» оркестріне лайықталған 30 шығармасы ең үлкен күй қазынасы.

Н.Тілендиевтің сан қырлы өнерініің ауқымды аумағы оның кинофильмдер мен мультфильмдерге арнап жазған музыкасы болып табылады.

АЛТЫН ДӘН
(поэма)

Н.Тілендиевтің «Алтын дән» поэмасы қазақ халық аспаптары оркестрінің орындалуына арналған шығарманың құрылысы күрделі үш буынды бөлімнен тұратын ең ірі туындыларының бірі.

Шығарманың негізгі тақырыбы – ре минор тональдігінде жазылған.

Поэма салтанатты түрде, ұстамды орташа екпінде, қуатты үнді (ff) 14 тактылық Кіріспемен басталады. Кіріспенің алғашқы үш тактысын дирижер иық пен қолды бір деңгейде теңестіре отырып жоғарғы позицияда, салмақпен, кең көлемді диапазонда, бірінші планда, легатомен – жайылма қозғалыспен екіге дирижерлық етіп, одан кейінгі екі тактыдағы диминуэндоны қимыл амплитудасын жинақтап, музыка үзілгенше сол қолдың алақанын бірден – бірге төмен қарай түсіру арқылы дыбыс күшін жайлатып, ықшам қозғалыспен көрсетуге болады. Кіріспе ля мажорлы аккордтармен басталғанымен, ол негізгі тональдік саз емес. Келесі [А] белгісі мен [Б] белгісінің аралығында жүретін әуенді жүргізетін домбыра прима мен сырнайға сол қолмен көрсетіп дирижерлық ету керек. Осы әуенді ферматада созғаннан кейін [Б] белгісінің бірінші үлесінде сол қолмен екі саусақтың ұшыменен жай ғана дыбысты үзіп, тоқтатқан кезде, сонымен қатар оң қолмен қобыздарға бірінші үлесте әуенді көрсетіп жүргізе бастайды.

Содан кейін «бас» аспаптарының сүйемелдеуімен домбырада бірінші бөлімдегі негізгі тақырыптың сазы 6/8 өлшемінде, жүрдек екпінде, Allegro белгісі тұрған тактыдан қажырлы – жігермен төгілте күй әуені басталады және оны екіге дирижерлық етеді. Шығарманың осы басты тақырыбы (А) халықтың дәстүрлі күйлерінің мәнерінде жазылған. Негізгі тақырыпты (р) жазылғандықтан төменгі позицияда, үшінші планда, кіші көлемді диапазонда дирижерлық ету ұсынылады. [1] санда қобыз – альт негізгі тақырыппен бір уақытта қосылып әуенді контрапункт жүргізеді. [2] санның алдындағы тактының екінші үлесінде түсетін дауылпазға сол қолмен көрсетіп жіберу керек. Күй орта буыннан кіші сағаға [2 сан] өткенде барлық оркестр қосылып (тутти) ойнайды. Осы жерден бастап оркестр (ff) қатты дыбыс күшімен

ойнайтындықтан толық ауфтакт алып, жоғарғы позицияда, кең көлемді диапазонда, бірінші планда анық дирижерлауды қажет етеді. Байланыстырушы буында [5 сан] «пианиссимо» да домбыра – прималар мен баянда жүретін әуенді сол қолмен көрсетіп, лига штрихында ықшам қозғалыспен дирижерлық ету ұсынылады. Содан кейін, [5 сан] (модуляция) арқылы соль –минордағы екінші тақырыпқа (В) [6 сан] көшеді. Бұл күй емес, шалқыған, кең тыныстыәндер үлгісінде жазылған әуен. Бұл әуенді лига штрихымен дирижерлау керек. Осыған қарап, поэма күй мен әннің синтезіне құрылған деуге болады. Аталмыш әуен прима – қобыздар мен альт – қобыздардың ортаңғы регистрінде және бас қобыз бен бас домбыраның жоғарғы регистрінде, сырнайлардың ритмикалық пассаждар арқылы сүйемелдеуімен жүреді. Әуен созылмалы болғанымен, екпіні бастапқы күйдің ырғағынан ауытқымайды. Екінші рет [8 сан] бұл әуенді қайталағанда, оркестрдің барлық аспабы қосылып (тутти) (f) қатты дыбыс күшімен ойнайды. Бұдан бірінші эпизод әуенінің (В) регистр жағынан дамығанын көреміз. Сөйтіп, үш октаваны қамтитын дыбыс күші керемет бір хор айтып тұрғандай, қуатты халық үніндей болып естіледі. Бұл кезде де остинато ритмі, күй ырғағы толассыз жүріп жатады. [10] сандағы байланыстырушы буында ауытқу арқылы (модуляция) басталатын [11] санның алдындағы соңғы екі тактысын дәлме – дәл ырғақта ойнау үшін бір тактының ішін дирижерлық қимылмен бөлшектеп үш сегіздікке бөліп жүргізу керек. [11] санда екінші тақырыптың әуені, екінші рет (В1) до диез минорға ауысып қысқа буынмен домбыра – приманың сүйемелдеуімен бас қобызда орындалады. [12] санда сол әуен үшінші рет (В2) қайталанып, алты такты бойына, бір сөйлем көлемінде домбыра – тенордың сүйемелдеуімен, енді қобыз – прималарда екі дауыста жүреді. Содан кейін байланыстырушы буын [13 сан] арқылы екпіндетіп келген музыка 3 такт бойына бірте – бірте жүрісін баяулатып, бірқалыпты орташа екпінде, 2/4 өлшемінде жүретін ля мажордағы үшінші тақырыпқа (С) көшеді.

Осы жерден бастап [15сан] шығарманың екінші, яғни ортаңғы бөлімі басталады. Бұл жерде домбыра – тенор, бас домбыра, үшінші сырнай, альт қобыз және басқобыздар орындайтын шалқыған әуен (С) әдемі естіледі. [17] санда осы әуенді екінші рет оркестрдің барлық аспабы қосылып (тутти) (f) қатты дыбыс күшімен ойнайды. Бұдан осы эпизодтағы әуеннің регистр жағынан жақсы дамығанын көреміз. [21] санның алдындағы бір тактыда ritenuto белгісі қойылған, сондықтан сол тактының триольдарын дирижерлағанда алғашқы үлесін бірге, содан кейінгі екінші үлестегі триольдың екпінін бірден – бірге нақты баяулатып, үш сегіздікті бөліп, үш бөлікті өлшеммен, яғни үшке дирижерлау ұсынылады. Осы тұста дирижер партитурада жоқ болса да, соңғы сегіздік нотадан кейін кілт үзіліс (люфта пауза) жасап, сәл тоқтап, кідіріп барып келесі әуенге жай дыбыспен көшеді. Осы әуен [21] санда үшінші рет қобыз тобында жүріп барып, үшінші бөлімге өтеді.

Сөйтіп, [24] санда жылдам екпінде үшінші бөлімде басты тақырып (А1) қайталанады. Содан кейін, [28 сан] (модуляция) арқылы соль –минордағы екінші тақырыпқа (В) [29 сан] көшеді. Бұл әуен қобыздар тобының ортаңғы

регистрінде бір рет жүргеннен кейін, [31] санда ре – мажорда байланыстырушы буын арқылы [32] санда шарықтау шыңына жетіп, кодада бүкіл оркестрдің орындауында шапшаң жылдамдықпен, жоғарғы қатты дыбыста, ре – мажорлық аккордтармен поэма аяқталады.

БОСТАНДЫҚ ТАҢЫ
(күй – поэма)

Шығарма – ре мажор тональдігінде, қарапайым үш бөлімді пішінде (форма) жазылған. Дирижерлық қол қимылы – «маркато» ойнау тәсілінде, әрбір үлесті анықтап, айқын көрсету керек. Шығарма салтанатты және көңілді сипатта жүреді. Кіріспе бөлім мен финалдың әрқайсысы он бір такті. Дирижерлық ету 4 өлшемінде, жүргізіледі.

Шығарманың бірінші бөлімі қайталанған екі периодтан тұрады. Осы бөлімдегі 3-ші санда негізгі тақырып - әуені домбыра тенор мен домбыра примада жүреді.

Шығарманың екінші бөлімін лига штрихымен дирижерлық ету ұсынылады.

Шығарманың шарықтау шегі – 12 санның 5 тактысында.

МҰРАГЕР
(күй – поэма)

Шығарманың негізгі тақырыбы – ре мажор тональдігінде жазылған. Кіріспе 9 тактыдан, кода 15 тактыдан тұрады. Шығарманың басты тақырыбы шертпе күй стилінде жазылған, тек кіші сағада төкпе күй мәнерінде берілген. Шығарма қарапайым үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім (А) [1] санда, екінші бөлім (В) [7] санда, ал үшінші бөлімде (С) бірінші бөлім [6] санға дейін қайталанып, кодамен бітеді.

Басында кіріспені марш екпінінде, белсенді қол қимылымен екіге дирижерлық ету керек. 4 – ші тактіде түсетін домбыра – прима, сырнай, сыбызғыларға сол қолмен көрсетіп, содан кейін негізгі басты тақырыпқа түскенде [1сан] жай пианода жүретін әуенді барынша жеңіл, шағын амплитудада қолдың буынымен дирижерлық ету ұсынылады.

Шығарманың шарықтау шыңы ортаңғы бөлімінде. Осы бөлімде екі фортемен басталып, қатты дыбыс күшімен оркестр аспаптарының барлығы қосылып (тутти) ойнайды.

ЖЕҢІС САЛТАНАТЫ
(поэма)

«Жеңіс салтанаты» поэмасының кіріспесінде бастапқы музыкасы қайғылы, мұңды ре – минор тональдігінде басталып, арты қуанышқа, шаттыққа толы халықтың Ұлы Отан соғысындағы бірлігін, салтанатты жеңісін сипаттайды. Сондықтан ол ешқашан құнын жоймайтын туынды. Бұл таза ұлттық музыка. Оның әуенінің тіліне, фактурасына, ладотональдық өрбуіне, динамкалық қырлары мен құрылымына зер салсаңыз, барлық жағынан да ұлттық нышан айқын көрініп тұрады.

Шығарманың кіріспесі (15 такт) және кодасы [12] санда (24) тактыны құрайтын қарапайым үш буынды бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім [1] санда, екінші бөлім [6] саннан басталып, үшінші бөлім [10] санда жүріп кодамен аяқталады.

¾ өлшемінде жүретін кіріспенің үшінші үлесінен «из – за» тактадан басталатын музыканы дирижер екінші үлестен ауфтакт алып, үшінші үлесті белсенді көрсету керек. Бұл қимылдар келесі тактлерде де қайталанылады. Қол қимылы арқылы акценттерді айқындап, форте белгісімен берілген қатты дыбыс күшін босаңсытпай дирижерлық ете білуі қажет.

Негізгі басты тақырып төрттік өлшеммен берілгенімен Allegro vivo жылдам екпінде ойналатын болғандықтан шығарманы екіге дирижерлау ұсынылады. [1] сандағы 5 – ші және 6 – шы тактылардың екінші үлесінен түсетін сырнай, сыбызғы және домбыра – прима аспаптарына оң қолмен көрсетуге болады.

Шығарманың басты тақырыбы (А) халықтың дәстүрлі күйлерінің мәнерінде ре – мажор тональдігінде жазылған. Күй кіші сағаға [3 – сан] өткенде бүкіл оркестр (тутти) ойынға араласады. Дәстүрлі күйлерде сағада әуен үстіңгі шекте жүретіні сияқты, осы тұстан [3 – сан, үшінші такт] бастап әуен «бастарға» ауысады. Бастар тобының жүргізетін әуенін лига штрихымен дирижерлау ұсынылады. Бұл әуенге осылайша барлық аспаптар қосылып, біраз күшейіп, артынша байланыстырушы буынға бөлініп, ауытқу (модуляция) арқылы ля мажордағы екінші тақырыпқа (В) көшеді [6 сан]. Аталмыш әуен [7 сан] қобыздар тобы мен домбыра – примада бірінші рет унисонда жүрсе, екінші рет [9 сан] әуен қос дауыста жүреді. Ортаңғы бөлімде жүретін тақырып әуенді де лига штрихымен дирижерлық ету керек.

Содан кейін, әуен сазы байланыстырушы буында ауытқи келіп, ре – мажордағы бірінші бөлімнің алғашқы тақырыбына [10 сан] өтеді, яғни үшінші бөлімге. Сөйтіп, негізгі күй әуені екінші рет қайталанып, бүкіл оркестрдің орындауында өзіне тән жылдамдықпен, дыбыс деңгейі кодада шарықтау шыңына жетіп, ре – мажорлық жарқын аккордтармен поэма аяқталады.

КӨҢІЛДІ БИКЕШ
(увертюра)

Шығарма – соль мажор тональдігінде, қарапайым үш бөлімде жазылған. Шығарманың кіріспесі (6 такт) және кодасы (4 такт) тұрады. Шығарма ¾ өлшемінде жазылған. Оның салтанатты, қуанышты, шаттанған көңілді сипатта орындалатын екі шеткі бөлімі айқын, серпінді, анық, қаттылау дирижерлық қимылды (non legato) керек етеді.

Бірінші бөлім [1сан] тақырыбы соль мажорда жазылса, екінші бөлімнің [6 сан] әуені соль минорда берілген, ал үшінші бөлімде бірінші бөлім [6] санға дейін қайталанып кодамен бітеді.

Кіріспенің екінші үлесін стаккато штрихымен көрсетіп, бастапқы төрт тактасын ақырын кішкентай амплитудамен қолдың буынымен ғана дирижерлау ұсынылады. Барлық күш – жігерді іштей содан кейінгі тактыларға дайындау керек.

[7] санда лига штрихымен дирижерлық ету ұсынылады, жалпы ортаңғы бөлімде. Шығарманың шарықтау шыңы ортаңғы бөлімнің [7] санында.

МАХАМБЕТ
(**поэма – импровизация**)

Н.Тілендиевтің ірі шығармаларының бірі - «Махамбет» поэмасы импровизациялық поэма. Қазақтың ұлттық ұранын шақыратын батырлық рухында жазылған шығарма. XIX ғасырдағы «Исатай – Махамбет» көтерілісіне арналған. Бұл поэманы түсініп, орындату үшін көтерілістің тарихын, Махамбеттің ақындығын, оның өлеңдерін жақсы білу керек. Махамбеттің өмірі мен өлеңдерін зерттеген белгілі жазушы Берқайыр Аманшин былай деп жазды: «Қолбасшы батыр, қаһарман ақын Махамбет Өтемісовты тудырған кезеңді шақ – патша отаршылдығы мен хаг өкіметінің езгісі мен қысымына қарсы бұрынғы Ішкі Орда шаруаларының 1836 – 1837 жылдардағы көтерілісі. Махамбет – сол қозғалыстың ұйымдастырушы, басқарушы көсемдерінің бірі, жалынды үгітшісі, жауынгер жыршысы».

Осы сөздер поэманың характерін түсінуге көмектеседі. Поэма Ре тоналінен домбыра – бас және қобыз – бас пен контрабастарда кіші барабанның дүбірлі қағысымен ат тұяғының дүрсіліндей екі пиано белгісі қойылған өте ақырын дыбыстарымен, немесе ел толқуының дүбіріндей толассыз жүрдек әуенмен басталады. Бұл жерде автордың көрсеткен екпіні «Аллегро». Ал, дирижер Ш.Қажығалиевтың интерпретациясында поэма өте жылдам «Престо» темпінде жүреді.

Бірінші буын таңбасында тенорлардың астинатты ритмі шығарма мінезінің негізгі арқауы болып басталады. Шығарманың 5 – ші тактысында домбыра – тенор мен альт – қобызда күңіренген мазасыз әуен басталады. Бұл әуен сол бір алмағайып кезеңді, халықтың ашу – ызасын суреттейді. Кейін флейтада алдамшы үәде, жалған жанашырлық сияқты негізгі әуен

тақырыбына қатарласа үн қосатын әуендер (контропункт) пайда болады. Контрабас ырғағы субдоминантада ойналып, кульминацияға жетелейді. Ұрмалы аспаптардың триоль ырғағы шығармаға жігерлі рең береді. Бірақ альт – қобыздағы халықтың мұң – мұқтажындай болып естілетін әуенді домбыра – ритмдік өзгерістермен қоштап, дүбірлетіп күшейте түседі. Оның үстіне үшінші сырнайдағы секунда интервалында берілген қос дыбыс шиеленісті өршіте береді. Содан барып алмағайып кезеңнің әуені күш алып, қобыздар мен «бастарда» 2 – санды буында домбыраның дүрсілімен батыл да, сенімді естіледі. Артынша «бастарда» манағы ат тұяғының дүбірі тағы шығады. Бірақ алдарынан кедергілер кездеседі. Мұны 3 – санның үшінші тактысында қобыз бен сырнайда басталған синкопалы әуен суреттейді. Кездескен қиындықтар мен қарсылықтарды жеңіп, семсермен шауып тастағандай әсер беретін төрт аккордтардан кейін, домбыра мен кіші барабанның дүрсілімен ұран салған ақын үні 4 – санды буынның екінші тактысында естіледі.

Төртінші санды буында қобыз бен сырнайда әуен тақырыбы одан әрі өрби түседі.

Ерулі атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку – еңку жер шалмай,

Ерлердің ісі бітер ме? – деген ақын жыры осы тұста музыка сырын аша түседі. Бірақ алдарынан пулеметтен оқ жаудырғандай кіші барабандағы дүрсілмен (5 – сан) жаудың қалың қолы шығады. Бесінші таңба 3 – ші октаваның соль нотасына дейін көтеріліп шарықтау шегіне жетелейді. Ұрмалы аспаптардың триоль ритмі шығарма тынысын асқақтатады.

Бесінші буында "Фригийский лад" делінетін дыбыс қатары естіледі де бұл әуен жетінші буын таңбасына дейін созылады. Жаудың күшін суреттейтін әуен Қазанғаптың «Көкіл» күйінің сарынында берілген. Сол әуен әр түрлі өзгеріске түсіп, дами келе манағы кедергілер, қиындықтар әуеніне ұласады. Осы кедергілер мен қиындықтар әенінен барып, батырдың тұлғасы шығады (7 – сан). Бұл жерде батырдың әуені бүкіл оркестрдің күшті дыбыспен (ff) орындауында жігерлі естіледі. Осы аралықтарда ля бемоль мажор тоналіне ауытқу байқалады.

Атадан туған аруақты ер
Жауды көрсе, жапырар

Үдей соққан дауылдай - деп, ақын айтқандай оркестрдің де дауылдатып ойнайтын тұсы осы.

Сегізінші таңбада фа мажорға ауытқи отырып, соңғы онынші буындағы финалға дейін өрістейді. Бірақ, көтеріліс сәтсіздікке ұшырайды. 9 – санның алдындағы төрт тактідегі мұңды әуен соны білдіреді. Алайда, сол мұңды сарын ұзаққа созылмайды. Ол бітісімен бастапқы ат дүбірі қайта естіледі. Осы жерден поэма басынан бастап қайталанады. Бұл Махамбет ақынның «шабуын таппай кетілдім, қайраса – тағы жетілдім» дегеніндей, азаттық жолындағы күрес бітпейді деген ойға меңзейді. Қайталау кезінде ақын үні, ақын жыры естілетін жерден поэма желісі финалға өтеді.

Онынші буыны – шығарманың соңғы финалы. Финалда алдындағы қиындықтардан туған батыр тұлғасы бұрынғыдан да жігерлі, екпінді көрінеді. 12 – 13 сандар аралығындағы қобыздарда акцентпен орындалатын сегіздік нотадардан алмас қылыштың жарқылын көргендей боласың. Кодада жеңіске жетіп қуанған халықтың шаттығы бар. Поэма ерлердің ісі өлмейді деген оймен аяқталады.

Дирижер Ш.Қажығалиевтың интерпретациясында поэманың Кодасы өте жылдам темпте, яғни дирижер қолының бір сілтегені бір тактыға тең өлшемде жүреді. Бұл интерпретатордың өзінің қосқаны. Әрбір туындыға жаңа көзқараспен қарайтын жаңашыл дирижер бұл шығармаға да партитурада жоқ жаңалық енгізді. Ол Кодада халықтың шаттығына себеп болған жеңістің қоңырауын соқтырды. Коданың ең соңғы жеті тактысы бойына қоңырау (колокол) аспабын (фа – до нотаарын) ойнатты. Бұл шығарманың финалында суреттелетін жеңісі. Нұрғиса Махамбет бейнесі арқылы Ата жолын шаң жуытпай сақтай отырып, сайып келгенде, шығарманы қазақ рухы тұғырының пафостық биік деңгейіне дейін көтерді.

ҚАЙРАТ
(увертюра)

Композитор Н.Тілендиевтің бұл увертюрасы до мажор тональдігінде көңілді жылдам екпінде басталады. Увертюра үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімнің өзі бірнеше буыннан тұрады. Басында оркестрдің барлық аспабы қосылып (тутти) (ff) қатты дыбыс күшімен ойнайды. Бірінші таңбалы буында дирижер синкопаға мән беруі керек. Екінші және үшінші буында әуенді төменгі регистрде оркестрдің бастар тобы мен альт қобыздар жүргізеді.

Шығарманың екінші ортаңғы бөлімі до минор тональдігінде алтыншы таңбалы буыннан басталады.

Увертюраның үшінші бөлімінде шығарманың бастапқы бірінші бөлігі қайталанады.

Шығарманың соңғы қорытынды бөлімі 20 – шы таңбалы буында басталған финалмен аяқталады.

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАН
(симфониялық поэма)

Мәкәлім Қойшыбаев композитор, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, профессор 1926 жылы 10 мамырда Атырау облысы, Қызылқоға ауданында дүниеге келген.

Алматы музыкалық училищесін домбыра және музыка тарихы мамандығы бойынша бітіріп, консерваторияға композиция класына түседі. 13 жасынан Құрманғазы атындағы оркестрде ойнаған. Фольклор кабинетінің

меңгерушілігінен бастап көптеген басшылық орындарында өнер дамыту жолында қызмет атқарды.

Қазақ композиторларының ішінде ұлт аспаптары оркестріне I – ші симфония жазды. "Құрманғазы", "Туған жер", "Атырау дүбірі", "Концерттік күй", "Қызылқұм" сынды поэма, сиюталары, әндері мен "Жастар", "Алматы", "Аққу" күйлері шоқтығы биік шығармалар.

1963 жылы Атырау фольклорлы этнографиялық іздестіру тобымен барып, бұл өңірден көптеген ән – күйлер жазып алған. Көпшілік шығармалар хатталып жарық көрген, консерваторияның фольклорлық кабинетінде сақтаулы. Композитор 1986 жылы қайтыс болған.

Композитордың есімі 1992 жылы туған жері Атыраудағы балалар музыка мектебіне берілді. Сол мектептің жанынан оқытушы – педагогтар құрамынан 2002 жылы құрылған М.Қойшыбаев атындағы "Халықтық" атағы бар қазақ халық аспаптары оркестрі жұмыс жасайды.

Қазақтың симфониялық музыкасының дамуына үлкен үлес болып қосылған шығармалардың ішіндегі өзінің көркемдік ерекшелігімен айрықша көзге түсетін туындылардың бірі – халық аспаптар оркестріне арнап жазған М.Қойшыбаевтың «Советтік Қазақстан» поэмасы. Композитор бұл поэманы 1957 жылы консерваторияның екінші курсында оқып жүргенде жазған.

Поэма ладогармоникалық құрылысымен, полифониялық жағынан өңделуімен және ұлттық бояуымен басқа шығармалардан ерекшеленіп тұрады. Бәрінен де бұрын поэма музыкасында сол кездегі дәуір тынысы сезіледі. Композитор өз республикасының мол байлығы мен онда еңбек етіп жатқан кеңес адамдарының тынысын, отан ұлылығын музыка тілімен шебер жетістіріп бере біледі.

Композитордың бұл симфониялық поэмасы үш бөлімнен тұрады. Поэманың бірінші бөлімі қарапайым үш бөлікті пішінде жазылған.

Поэма ля минор тоналінде салтанатты түрде жәй шабытты дыбыстармен шағын музыкалық кіріспеден басталады да, шығарманың бас партиясына кезек береді.

Бірінші бөлігінде бас партия мелодиясының негізі етіліп, композитор өзінің 1947 жылы шығарған еркін өңделген «Жарыс» атты күйін алған. Бұл күй өзінің мазмұны, интонациялық ырғақтығы және жылдам екпінділігі жағынан ат қосу жарысын елестетеді. Күй оркестрдің әр тобының ойнауында түрлі тембрлік бояуға ие болып, дамытылып, одан әрі негізгі тақырып салыстырмалы түрде әр регистрде өрбиді.

Екінші бөлігінің қосымша тақырыбына өзінің осыдан бұрынырақ 1955 жылы жазған «Колхоз қызы» әнінің мелодиясын арқау еткен. Осы жерден бастап туған өлкенің табиғат сұлулығын суреттейтін, кең далада айтылған ән мелодиясының эпизоды басталады.

Үшінші бөлігінде бірінші бөлік қайтадан қайталанады.

Симфониялық поэманың екінші бөлімі полифониялық формада фа – диез минор тоналінде жазылған. Баяу естілетін ортаңғы бөлімнің мелодиясы бірінші бөлімге қарағанда әлде қайда сазды, үнді болып келеді.

Симфониялық поэманың үшінші бөлімінде қарапайым үш бөлікті пішінде жазылған бірінші бөлімі қайталанады.

Поэманың соңғы қорытынды бөлімі (финал) өте жинақы, екпінді келеді.

ЕҢБЕК САЛТАНАТЫ
(Поэма)

Қазақ ССР – нің еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор Кенжебек Күмісбековтың есімі республикамызға танымал. 1950 – 1955 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетінде оқып, Құрманғазы атындағы халық аспаптары оркестрінің құрамында домбырашы болып қызмет атқарады. Бұл жылдары ол оркестрдегі әр түрлі аспаптардың өзіне тән ерекшеліктерін, техникалық мүмкіндіктерін жете зерттеп, орыс және Батыс Европа классик композиторлары шығармаларының ұздік үлгілерін оркестрге түсіреді. Атап айтсақ, Вердидің «Травиата» операсынан Жермонның ариясы, Брамстың «№1 Венгер биі», Огинскийдің «Полонезі» т.б. көптеген шығармалар. Бірақ, өзі шығарма жазуды армандаған Кенжебек 1958 жылы консерваторияның композиторлар даярлайтын факультетіне қайта оқуға түсіп, 1965 жылы композитор Е.Г.Брусиловскийдің класы бойынша бітіріп шықты.

Күмісбеков аспаптық шығармаға өзіндік таңбасын қалдырған аға буындардың өкілі. Композитордың «Дала сыры», «Ой толқыны», «Еңбек салтанаты», «Фараби сазы» сияқты шығармалары бір – біріне ұқсамайтын кезіндегі тың туындылар. Бұлардың қай – қайсысы болмасын адамның қиялын тербеп, асқақ армандарға жетелейтін, үлкен адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін, шынайы өмір шындығын жырлайтын шығармалар. Композитор еңбек тақырыбына да айрықша көңіл бөлді. Оған тың және тыңайған жерді игерудің 25 жылдығына байланысты жазған «Еңбек салтанаты» деп аталатын поэмасы айқын дәлел бола алады. Поэмада алғашқы тың игерушілердің – диқандардың қажымас қайраты, рухани биік парасаты зор пафоспен жырланады. Оның қай шығармасын алмаңыз, күй өнерін, оның ізгі дәстүрін жалғастырудағы өзіндік шығармашылық ізденісін байқауға болады.

Поэма негізінде қарапайым үш бөлімнен тұрады. Кіріспе көңілді, салтанатты басталып, С өлшемінде үш такты жай ұстамды екпінде төртке жүреді. Содан кейін 2/4 өлшемінде Allegro moderato екпінінде поэманың негізгі тақырыбы **соль мажор** тональдігінде бірінші бөлігі басталады. Күйдің әуені шертпе күй стилінде жазылған. Композитор [2] таңбалы буында халық әні «Әупілдекті» **ми минор** тональдігінде [3] таңбалы буынға дейін пайдаланған.

Поэманың екінші бөлігі [6] таңбалы буыннан **ми бемоль мажор** тональдігінде [8] буынға дейін С өлшемінде төртке жүреді. [8] таңбалы буыннан сол әуен екінші рет **ре мажор** тональдігінде [9] таңбалы буынға дейін қайталанады. Содан кейін [9] санның 5 – ші тактысынан бастап келесі бөлімге, яғни **соль мажор** тональдікке көшу (модуляция) басталады.

[10] таңбалы буыннан бастап поэманың үшінші бөлімі **соль мажор** тональдігінде жазылған. Үшінші бөлімде поэманың бірінші бөлігі қайталанып, [12] таңбалы буыннан басталған кодамен аяқталады.

ОЙ ТОЛҚЫНЫ
(Күй - поэма)

Композитор Кенжебек Күмісбековтың «Ой толқыны» поэмасы автордың басқа туындысына ұқсамайтын шығарма. Поэма қарапайым үш бөлімнен тұрады. Поэма 11 таңбалы буыннан тұрады. Күйдің тақырыбы негізгі буында дами бастайды. Күй негізінен 6/8 өлшемінде жүреді, арасында 9/8 – ге ауысып отырады.

Поэма 15 тақты кіріспемен **ми минор** тональдігінде, орташа байсалды екпінде басталады. [1] саннан бастап поэманың бірінші бөлігі негізгі музыкалық тақырыбы жүреді (А).

[2] санның 5 – ші тактысынан тақырып орта буында (В) басталады, яғни екінші эпизодта. Одан кейін шығарманың екінші бөлігі [3] таңбалы саннан [4] санға дейін дамып, кері бірінші бөлімге (А) қайта оралады.

[5] санда **Con moto** екпінінде негізгі буында дамып, шығарманың [7], [8] санында күйдің үшінші бөліміне (С) эпизодқа көшеді. Поэманың шарықтау шегі [8] санда.

Содан кейін негізгі буын арқылы, шығарманың үшінші бөлігі [10] санның алтыншы тактысынан бастап қайталанып, аяқталады.

ТЫҢ САЗЫ

Тналин Мұхаметқали Хасенұлы – танымал домбырашы, дирижер, композитор, өндеуші. Ақмола қаласында 1954 жылы туылған. Балалар музыка мектебін баян және домбыра аспабынан оқып тәмәмдап, 1972 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясына түседі.

Х.Тастанов, К.Күмісбеков, Ғ.Жұбанова, Батыр Абдыхалықов, Латиф Хамиди, Б.Аманов т.б. өнер қайраткерлерінен дәріс алады.

Домбыраны нота бойынша кәсіби тұрғыдан үйренуімен қатар, атақты күйшілер Қ.Жантілеуов, М.Хамзин, У.Бекенов сынды дәстүрлі домбырашылық өнердің қайраткерлері М.Тналиннің кәсіби өсуіне әсер етті.

Ол оқу бітірісімен 1979 жылдан бастап туған қаласы Астанадағы оқу орындары мен өнер ұжымдарында қызмет атқаруда.

М.Тналиннің оркестрге өңдеулерімен қатар, авторлық шығармалары да баршылық. Оның шығармашылығы әртүрлі жанрларды қамтиды - әндер, күйлер, пьесалар, билер. Ол еуропалық композицияның принциптерін қазақтың ұлттық ойлау қабілетімен біріктіре білді. Оның шығармашылығында шертпе және төкпе дәстүріндегі күйлер бар. «Есілім еркем», «Шілдері қайыс»,

«Дарынгер», «Наурыз күйі» атты күйлері Республикадағы кәсіби және әесқой оркестр мен ансамбль ұжымдарының концерттік бағдарламаларына енгізілген.

М.Тналин қазіргі кезде Астана мемлекеттік филармониясы қазақ халық аспаптары оркестрінің өңдеушісі (аранжировщик) және Қазақ ұлттық өнер университетінде «Дәстүрлі ән» кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқарады. Ол композитор, өңдеуші ретінде өзіне ғана тән қол таңбасы бар музыка маманы.

Композитордың **«Тың сазы»** атты шығармасы шертпе күй дәстүрінде жазылған. Күй бірқалыпты орташа екпінде **"С"** өлшемінде жүреді. Күй негізінен үш бөлімнен тұрады.

Шығарманың музыкалық тақырыбы **Соль мажор** тональдігінде алты такты кіріспемен басталып, негізгі буынға (А), яғни бірінші бөлімге көшеді.

Күйдің екінші бөлімі (В), [1] таңбалы орта буыннан басталады.

[2] таңбалы буында кіші сағадан күйдің үшінші бөліміне (С) көшеді. Кейін [3] таңбалы санда екінші бөлім қайталанып, [4] санда екінші бөлімнің тақырыбы сәл өзгерген күйде ойналады.

Төртке дирижерлық ету қиындық келтірмейді, тек қана екі жерде такты сызығының үстінде келетін люфта паузаны сақтау керек.

ПОПУРРИ
(60 - жылғы әуендерден құрастырылған)

Кипиев Қуанышқали Мизамұлы 1951 жылы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Миялы селосында дүниеге келген. 1970 жылы Түркістан индустриальды – педагогикалық техникумын «техник – механик» және «өндірістік оқытудың шебері» мамандығы бойынша бітіргеннен кейін еңбек жолын Маңғыстау, Ақтөбе және Гурьев облысындағы кәсіптік – техникалық училище мен жалпы орта білім беретін мектепте ұстаздық қызметтен бастады

Әл Фараби атындағы Шымкент педагогикалық-мәдениет институтын 1981 жылы «халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі және дирижеры» мамандығы бойынша бітіріп шығады.

1981-88 жылдар аралығында Гурьев мәдени-ағарту училищесінде оқытушы, пән бірлестігінің төрағасы, училищенің студенттік ұлт аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, әрі дирижеры қызметтерін атқарып, облыс көлеміндегі мәдениет мекемелеріне арнаулы орта білімді кадрлар дайындауда айтарлықтай өз үлесін қосады.

1988 жылы Гурьев облыстық халық шығармашылығы мен мәдени-ағарту жұмыстарының ғылыми-методикалық орталығының директоры қызметіне шақырылады.

Облыс көлемінде фольклорлық ансамбльдердің, халық аспаптары оркестрлерінің қалыптасуына, творчестволық бағытта өсіп шыңдалуына, репертуар таңдауына тікелей араласып дирижер ретінде өзінің үлесін қосты. Ол облыстық мәдениет басқармасының нұсқауымен «Облыстық халық шығармашылығы орталығының директоры болып жұмыс жасап жүргенде біраз

жыл облыстық филармонияның көркемдік жетекші қызметін маманның жетіспеуіне байланысты қоса атқарды. Сол жылдары «Нарын» фольклорлық ансамблінің кәсіби орындаушылық шеберлігін арттыру бағытында, оның концерттік бағдарламаларын жасақтау барысында бірсыпыра еңбек етті.

1999 жылы Н.Жантурин атындағы облыстық филармонияның көркемдік жетекшісі болып негізгі жұмысқа ауысқаннан кейін, «Нарын» ансамблін оркестр дәрежесіне көтеріп, оның алғашқы көркемдік жетекшісі және бас дирижеры болып біраз еңбек сіңірді.

Оркестрге түсірудің жетік маманы ретінде облыстың көптеген ансамбль, оркестр ұжымдарына концерттік репертуар жасады. Композициядан арнайы білімі болмаса да, осы салада халық аспаптары оркестрі мен фольклор ансамбльдеріне арнап шығармалар, соның ішінде фантазия, попурри жазумен ерекшеленеді. Қ.Кипиев халық аспаптары оркестрі үшін бір күй - поэма, екі попурри, үш фантазия және бір күй жазып аспаптық музыканың ауқымын кеңейте түсуге өз үлесін қосты.

Қуаныш 2001 жылдан бастап М.Қойшыбаев атындағы балалар музыка мектебінің директоры болып жұмыс жасайды. Қосымша Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде доцент болып ұстаздық қызмет атқарады. Келген жылы мектептің оқытушы – ұстаздар құрамынан Мәкәлім Қойшыбаев атындағы қазақ ұлт аспаптар оркестрін құрады. Оркестрге 2008 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Халықтық өнерпаздар ұжымы» атағы берілді.

Өнер саласында үнемі ізденіс бағытында, ғылыми-әдістемелік жұмыспен де айналысып келеді. Қазақстан композиторларының қазақ оркестріне арнап жазған бірнеше шығармаларын фортепианоға лайықтап түсірді. Құрманғазы, Дина, Дәулеткерей басқа да халық композиторлары мен шетел орыс, қазақстан композиторларының 100-ден астам оның өңдеп, түсіруіндегі шығармалардың партитуралары халық аспаптары оркестрлерінің репертуарына енгізіліп, қолданыста жүр. Көркемөнерпаздар ұжымдарына арналған 20 - ға тарта оқу-әдістемелік құралының, репертуар жинақтарының, басқа да буклет, кітапшалардың жауапты шығарушысы және құрастырушысы болды. Өзінің үш кітабы: 1.«Қазақстан: сазгерлер әуені мен ырғақтары көне музыка аспаптарында»-2002 ж. 2.«Өнер бастауы» - 2006 ж. 3. «Ортпа»- 2013 ж. шықты. Сондай-ақ қазақ оркестріне арналған 3 партитура жинақтарының әдістемелік көмекші құралы жарық көрді. 20 – дан астам мақалалары мен баяндамалары республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда тыңдалып, ақпарат құралдарында жарияланды.

2013 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу - әдістемелік орталығы бекіткен «Оркестр класы» пәні бойынша құрастырған типтік оқу бағдарламасының авторы.

2010 жылы ғылыми жұмыстармен айналысу нәтижесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің "Доцент" академиялық атағына ие болды, осы жылы "ҚР Мәдениет қайраткері" атағы берілді, 2011 жылы ҚР Мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері

кәсіподағының "Құрмет" белгісімен марапатталды, Халықаралық ұстаздар одағының мүшесі (2012ж).

"Нарын" фольклорлы халық аспаптары оркестріне дирижер Қ.Кипиевтің алғашқы арнап жазған шығармасы **60-жылғы әуендерден құрастырған "Попурри".** Бұл шығармаға негізінен кезіндегі одаққа белгілі атақты композитор А.Бабаджанянның музыкасы алынды. 60-жылдары жастардың билейтін билері көбіне твист ырғағында болатын, сондықтан да сол дәуірдің композиторы А.Бабаджанянның әндері көбірек айтылып орындалатын еді.

Попурри ладогармониялық құрылысымен, гармония жағынан қазақ оркестріне ұлттық бояумен өңделіп, басқа шығармалардан ерекшеленіп тұрады. Бәрінен де бұрын осы шығарма музыкасында сол кездегі дәуір тынысы сезіледі. Шығарма алты әннен тұрады. Әр ән кіріспеден басталады. 3-ші және 5-ші санда твист ырғағында қазақша әуендер жүреді. Шығарманың ортаңғы бөлігі 4-ші санда сезімге толы лирикалық күйге құрылған әуен жай орташа екпінде жүреді.Содан кейін 5-ші санда твист ырғағында шабытпен кіріспесі бар "Мұңайма" әні орындалады. Музыканың соңында сол ырғақта бүкіл оркестрдің орындауында көңілді аккордтармен аяқталады.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3
Дирижерлау жөнінде авторлар мен әдістемелік нұсқаулар туралы қысқаша мазмұны 115
Құрманғазы Сағырбаев Қапы 115
Көбік шашқан 117
С.Мұхамеджанов Шаттық отаны 118
Нұрғиса Тілендиев 121
Алтын дән 122
Бостандық таңы 124
Мұрагер 124
Жеңіс салтанаты 125
Көңілді бикеш 126
Махамбет 126
Қайрат 128
Мәкәлім Қойшыбаев Советтік Қазақстан 128
Кенжебек Күмісбеков Еңбек салтанаты 130
Ой толқыны..... 131
Мұхаметқали Тналин Тың сазы 131
Қуанышқали Кипиев Попурри..... 132

Дирижерлауға арналған хрестоматия
(клавир)

Құрастырушы және фортепианоға лайықтап түсірген **Қ.Кипиев**

000001545347

"SvetoCopy" қағазы. Пішімі А4. Көлемі 17 б.т.
Таралымы 100 дана

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің
Баспа орталығында басып шығарылды
060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы 212